

Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 214 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес, тұқым шаруашылығының дамуын қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 3

а қ п а н д а ғ ы

N

2 1 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Тұқым шаруашылығын дамытуды
қолдауға қаражат төлеу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 100 "Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдау" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және соның шегінде бірегей тұқым өндірушілерге (бұдан әрі - оригинаторлар) және элиталық тұқым шаруашылықтарын (бұдан әрі - элиттұқымшарлар) тұқым шаруашылығын дамытуға қаражат төлеу (бұдан әрі - субсидиялау) тәртібі мен ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а й д ы .

2. Мемлекеттік субсидиялар:

1) бірегей тұқымды өндіруге жіберілген шығындарды ішінара өтеуге;
2) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған элиталық тұқымның құнын ішінара арзандатуға арналады.

3. Осы Ереженің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік субсидиялар Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген және (немесе) перспективалы деп танылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптары бірегей тұқымның нақты өндірілген көлемі үшін заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған оригинаторларға төленеді.

4. Бірегей тұқымды өндіруді субсидиялау Қазақстан Республикасының Ауыл

шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) тұқымның әрбір түрі бойынша белгілеген квоталар шеңберінде жүзеге асырылады.

Квота элиталық тұқымды алу үшін оларды өндірудің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес бірегей тұқымның әрбір түрі бойынша әрбір оригинаторға белгіленеді.

5. Бірегей тұқымның әрбір түріне арналған субсидиялар нормативтері осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Бірегей тұқымды көбейту жылдары мен сұрыптары бойынша субсидиялар мөлшерін бірегей тұқымның әрбір түрі үшін субсидиялардың белгіленген нормативі шегінде Ауылшармині белгілейді.

6. Осы Ереженің 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік субсидиялар Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген және (немесе) Ауылшармині тұқымның әрбір түрі бойынша белгілеген квоталар шегінде перспективалы деп танылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің элиталық тұқымның отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құны бойынша нақты сатылған көлемі үшін заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған элиттұқымшарларға төленеді.

Квота бірінші репродукциялы тұқымды алу үшін оларды өндірудің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес элиталық тұқымның әрбір түрі бойынша әрбір элиттұқымшарға белгіленеді.

7. Элиталық тұқымның әрбір түріне арналған субсидиялар нормативтері осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді. Бұл ретте ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптары бойынша субсидиялар мөлшерін элиталық тұқымның әрбір түрі үшін субсидиялардың белгіленген нормативі шегінде Ауылшармині белгілейді.

8. Элиттұқымшарлар ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің элиталық тұқымын отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге уәкілетті орган белгілеген шекті бағадан аспайтын бағамен сатады.

2. Бірегей тұқымды өндіруге арналған субсидияларды төлеу тәртібі

9. Өндірілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымына субсидиялар алу үшін:

1) оригинаторлар 2004 жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде белгіленген квоталар шегінде бірегей тұқымды өндіру фактісін растайтын, Ауылшарминінің облыстық аумақтық басқармасы (бұдан әрі - облыстық аумақтық басқарма) бекіткен құжаттарды Ауылшарминіне тапсырады;

2) бекіту үшін оригинаторлар облыстық аумақтық басқармаға мынадай құжаттарды:

бірегей тұқымның нақты өндірілген көлемдері жөніндегі екі данадағы тізілімді: біреуі - облыстық аумақтық басқарма үшін, екіншісі - Ауылшармині үшін;

бірегей тұқымды кіріске алу актісін;
бірегей тұқымның егісін сынақтан өткізудің екі данадағы актісін: біреуі - облыстық аумақтық басқарма үшін, екіншісі - Ауылшармині үшін;
егістерді сынақтан өткізу туралы екі данадағы есепті: біреуі - облыстық аумақтық басқарма үшін, екіншісі - Ауылшармині үшін;
тексерілген бірегей тұқымның (көшеттерді қоспағанда) саны мен сапасы туралы белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың анықтамасын тапсырады;

3) облыстық аумақтық басқарма тапсырылған құжаттарды тексереді, оригинатор нақты өндірген бірегей тұқымның көлемдері жөніндегі тізілімді бекітеді, облыс бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымның көлемдері жөнінде жиынтық тізілім жасайды және көрсетілген құжаттарды осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен қоса Ауылшарминіне жібереді.

Оригинатор нақты өндірген бірегей тұқымның көлемдері жөніндегі бекітілген тізілімнің облыс бойынша өндірілген бірегей тұқымның көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің, бірегей тұқым егістігін сынақтан өткізу актілерінің және егістіктерді сынақтан өткізу туралы есептің бір данасы облыстық аумақтық басқармада сақтауға қалдырылады;

4) Ауылшармині тапсырылған құжаттарды тексереді, республика бойынша бірегей тұқымның нақты өндірілген көлемі жөнінде жиынтық тізілім жасайды және белгіленген субсидиялар нормативтері негізінде оригинаторларға тиесілі бюджет ақшасының көлемін айқындайды.

Міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына сәйкес тиесілі сомаларды оригинаторлардың есеп айырысу шоттарына аудару үшін Ауылшармині Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес өндірілген бірегей тұқым үшін субсидиялар төлеуге арналған ведомості және ақы төлеу шоттарын тапсырады;

5) оригинатор нақты өндірген бірегей тұқымның көлемдері жөніндегі тізілімнің, облыс бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымның көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің, республика бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымның көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің, тексерілген бірегей тұқымның саны мен сапасы туралы белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхана анықтамасының, бірегей тұқымды кіріске алу актісінің нысандарын Ауылшармині белгілейді.

3. Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құн бойынша сатылған элиталық тұқым үшін субсидиялар төлеу тәртібі

10. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің элиталық тұқымын арзандатылған құн бойынша сатуға субсидиялар алу үшін:

1) элиттұқымшарлар элиталық тұқымды сату фактісін растау үшін мынадай мерзімдерде: жаздық дақылдар бойынша - 2004 жылғы 20 маусымға дейін, ал күздік дақылдар бойынша - 2004 жылғы 10 қарашаға дейін Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармасына (бұдан әрі - аудандық аумақтық басқарма):

элиттұқымшар нақты сатқан элиталық тұқым көлемі жөніндегі екі данадағы жиынтық тізілімді: біреуі - аудандық аумақтық басқарма үшін, екіншісі - облыстық аумақтық басқарма үшін;

элиталық тұқымды өндіруге арналған бастапқы материалдың шығу тегін растайтын құжаттарды (өсіру питомниктері, суперэлита және элита егістерін сынақтан өткізу актілері мен сынақтан өткізу туралы есепті, ал өсіру питомниктері тұқымы мен суперэлита сатып алған жағдайда - тұқымға арналған аттестаттың көшірмесін);

тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың анықтамасын;

сатылған элиталық тұқымның бастапқы төлем құжаттарының, сондай-ақ тұқымды тиіп жөнелтуге арналған жүкқұжаттың, шот-фактуралардың көшірмелерін;

сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның саны туралы элиттұқымшар мен элиталық тұқымды сатып алушының арасындағы сатып алу-сату шартын ұсынады. Сатып алу-сату шарты төрт данада жасалады: біріншісі - элиттұқымшар үшін, екіншісі - сатып алушы үшін, үшіншісі - аудандық аумақтық басқарма үшін, төртіншісі - облыстық аумақтық басқарма үшін;

2) аудандық аумақтық басқарма ұсынылған бастапқы төлем құжаттарының көшірмелерін түпнұсқаларымен салыстырады және өзінің мөрімен куәландырады. Куәландырылған бастапқы төлем құжаттарының көшірмелері, элиталық тұқымның нақты сатылған көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің бір данасы және сатып алу-сату шартының бір данасы аудандық аумақтық басқармада сақтауға қалдырылады;

3) аудандық аумақтық басқарма мынадай мерзімдерде: жаздық дақылдар бойынша - 2004 жылғы 1 шілдеге дейін, ал күздік дақылдар бойынша - 2004 жылғы 20 қарашаға дейін облыстық аумақтық басқармаға мынадай құжаттарды:

элиттұқымшар нақты сатқан элиталық тұқым көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімді;

сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның саны туралы элиттұқымшар мен элиталық тұқымды сатып алушы арасындағы сатып алу-сату шартын;

элиталық тұқымды мақсатты пайдалану туралы актіні;

тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың анықтамасын тапсырады;

4) облыстық аумақтық басқарма ұсынылған құжаттарды тексереді, облыс бойынша

элиталық тұқымның нақты сатылған көлемі жөніндегі жиынтық актіні жасайды және бекітеді, облыс бойынша элиталық тұқымның нақты сатылу көлемі жөніндегі бекітілген жиынтық актілер бойынша, онда көрсетілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері элиталық тұқымының көлемі мен белгіленген нормативтері негізінде тиесілі бюджеттік ақшаның көлемін анықтайды және осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес әрбір элиттұқымшарға белгіленген квоталар шегінде тұқым шаруашылығының дамуына субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомості жасайды. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына сәйкес облыстық аумақтық басқарма күнтізбелік жылдың соңына дейін тиесілі субсидияларды элиттұқымшарлардың есеп-шоттарына аударады. Ай сайын 25-күнге қарай, бірақ 2004 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей, облыстық аумақтық басқарма Ауылшарминіне тұқым шаруашылығының дамуына субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомостердің көшірмелерін, сондай-ақ бюджеттік кіші бағдарламаны іске асыру туралы есепті тапсырады.

Облыстық аумақтық басқарма Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына мынадай құжаттарды:

осы Ережеге 4 қосымшаға сәйкес тұқым шаруашылығының дамуына субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомості;
ақы төлеу шоттарын тапсырады;

5) ұсынылып отырған сатып алу-сату шартының, элиталық тұқымды мақсатты пайдалану актісінің, элиттұқымшар нақты сатқан элиталық тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық тізілімнің, облыс бойынша сатылған элиталық тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық актінің нысандарын Ауылшармині бекітеді.

Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесіне 1-қосымша

Ауыл шаруашылығы өсімдіктері бірегей тұқымының түрлеріне арналған субсидиялар нормативтері

Өнімнің түрі	Бірегей тұқымның Бір тоннаға 1 тоннасын (да. (данаға) насын) өндіруге арналған жіберілген шы. субсидиялар ғындарды өтеу нормативтері, пайызы, (дейін) теңге
--------------	--

1

2

3

Жүгері мен күріштен және дәнді бұршақты дақылдар	басқа,	астық
	40	36979
Жүгері	40	224543
Күріш	40	51465
Күнбағыс	40	180278
Басқа майлы дақылдар	40	109206
Картоп	40	83788
Көп жылдық бұршақты дәнді	шөптер:	
	40	385862
Бір жылдық шөптер	40	148035
Қант қызылшасы	40	38446
Мақта	40	1439474
Көшеттер, аласа телітушілердің аналығын егуді қоса алғанда	40	48

Суперэлита

Жүгері мен күріштен және дәнді бұршақты дақылдар	басқа,	астық
	40	7919
Жүгері	40	48289
Күріш	40	11024
Күнбағыс	40	38971
Басқа майлы дақылдар	40	23392
Картоп	40	17948
Көп жылдық бұршақты дәнді	шөптер:	
	40	82652
Бір жылдық шөптер	40	31835
Қант қызылшасы	40	8268
	40	308336

Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесіне 2-қосымша

Сатылған ауыл шаруашылығы өсімдіктері элиталық тұқымының 1 тоннасына арналған субсидиялар нормативтері

Өнімнің түрі

|Элиталық | Сатылған
|тұқымның 1| элиталық
|тоннасының| тұқымның 1

|құнын | тоннасына
 |арзандату | арналған
 |пайызы | субсидиялар
 |(дейін) | нормативтері,
 | | теңге (дейін)

1		2		3
Жүгері мен күріштен және дәнді бұршақты дақылдар		басқа,	астық	
		40		13191
Ж ү г е р і :				
аналық орташа будандар;	нысандар, пісетін	кеш бірінші	пісетін және буындағы	
			40	74000
ерте будандар	пісетін	бірінші	буындағы	
			40	30000
Күріш			40	18531
К ү н б а ғ ы с :				
аналық тұқымдар;	нысандар, элиталық		40	100000
бірінші будандар	буындағы будандар		40	80000
Басқа майлы дақылдар			40	39334
Картоп			40	30189
Көп бұршақты дәнді	жылдық		шөптер:	
			40	138981
Бір жылдық шөптер			40	53200
Қант қызылшасы			40	13854
Мақта, алғанда	бірінші	репродукцияны	қоса	
			40	25480
Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесіне 3-қосымша				
Б е к і т е м і н				
Қазақстан Республикасының				
Ауыл шаруашылығы вице-министрі				

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

2004 жылғы "___" _____
2004 жылғы "___" _____ және "___" _____
аралығындағы кезеңде өндірілген бірегей тұқым
үшін субсидиялар төлеуге бірегей арналған
ВЕДОМОСТЬ

Облыс Бірегей Дақыл Репро. Бірегей	тұқымды Өндірілген	бірегей	тұ.				
атауы тұқымды	дукция	өндірудің	қымды субсидиялауға нақ.				
өндіру.		жылдық квотасы	ты тапсырылған құжаттар				
шінің		_____	_____				
атауы		тонна сомасы,	жыл 2004 ж."__" және				
		теңге	басынан "__" аралығын.				
			дағы кезеңде				
1	2	3	4	5	6	7	8

Ж и ы н ы :

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Өндірілген	Субсидияның	Жыл басынан Субсидияның	2004 ж. "__"	
бірегей	жыл басынан	төленгені,	тиесілі _____	
тұқымның 1	тиесілі	теңге	сомасының квота шегінде	
тоннасының	сомасы, теңге		қалдығы, төлеуге жататыны,	
бағаламасы,			теңге теңге	
т е ң г е				
9	10	11	12	13

Қазақстан Республикасының
 Ауыл шаруашылығы министрлігі
 Бюджет департаментінің директоры (Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі
облыстық аумақтық басқармасының
бас бухгалтері (Т.А.Ә., қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК